ЖЕКЕ КӘСІПКЕР
«ORDA & BUSINESS»
ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ

ҚР,Түркістан облысы, Темірлан ауылы, Байжанов көш., 1, ЖСН 900509400864, АҚ «Қазпошта», БСК KPSTKZKA, ЖСК KZ54563X350000161114

Мемлекеттік конкурсты
ұйымдастырушы мекемеге

№16200963-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік конкурсы бойынша:

Жеке кәсіпкер «ORDA & BUSINESS» №16200963-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік конкурсының 84375616-ОК1, 84375653-ОК1, 84375677-ОК1, 84375549-ОК1 лоттарына қатысқан болатын.

Аталған конкурсқа қатысқан «SAQ Inc.» ЖШС-сы тарапынан ұсынылған конкурстық құжаттамаларды зерделей келе, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін келесі кемшіліктер анықталғанын хабарлаймыз:

1. Конкурстық құжаттамаға 12-қосымша Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және өлшемшарттар туралы мәліметтер – Еңбек ресурстары кестесінде талап етілген **Монтажник, имеющий допуск по промышленной безопасности (свидетельство о по вопросам промышленной безопасности) – 2 (екі) адам** талабы бойынша ұсынылған құжаттар толық емес, яғни **ХАТТАМА/ПРОТОКОЛ №243 құжатының** датасы және қолдары (подпись), мөрі (печать) көрінбейді (ақпарат толық емес). Қонкурстық құжаттаманың 20 тармағында - Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс деп көрсетілген.
2. Конкурстық құжаттамаға 12-қосымша Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және өлшемшарттар туралы мәліметтер – Еңбек ресурстары кестесінде талап етілген **Монтажник, имеющий допуск по промышленной безопасности (свидетельство о по вопросам промышленной безопасности) – 2 (екі) адам** талабы бойынша ұсынылған Бақтыбаев Еркебұлан Болатұлы бойынша №243 хаттамада және №243/2 куәлікте аталған азаматтың аты-жөні басқа шрифтпен жазылған (бір құжатта неге әртүрлі шрифт қолданылған?) және №243/2 куәлікте мөр азамат Бақтыбаев Еркебұлан Болатұлының 3*4 фотосуретінің үстіне басылмаған. Алымкулов Биржан Бауыржановичке берілген №243/1 куәлікте мөр фотосуретті қамтыған. Яғни Бақтыбаев Еркебұлан Болатұлының 3*4 фотосуреті басқа адамға рәсімделген куәлікке жапсырылғаны және куәлік иесінің аты-жөні басқа шрифтпен жазылып ауыстырылғаны көрініп тұр.
   ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңының 11-бап 7-ші тармағында:
   Әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмағанда;

2) әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталғанда;

3) анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады деп көрсетілген.

Аталған кемшіліктер бойынша СҰРАЙМЫН:

1. «SAQ Inc.» ЖШС-сы конкурстық құжаттамасын біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануды.
2. 13.02.2026ж. сағат 10:48:55-дегі №16916751 қорытындылар хаттамасын өз күшінде қалдыруды.

Басшы **Альназарова А.Н.**